



**№1 Ата- аналар жиналысы**  
**Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»**

**Ересек «Қуаныш» тобы**

**Тәрбиеші: Нурлыбаева Маржан Балмухановна**  
**Саметова Салтанат Батыровна**

**Талдықорған қаласы 2025 ж**

**№1 Ата-аналар жиналысы**

## **Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»**

**Міндеті:** Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнату, тәрбиешімен жақсы қарым-қатынаста болу.

**Әдіс-тәсілдері:** шаттық шеңбері, тренинг, ойындар, әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

### **Жоспар:**

1. Ата-аналарды жылы қарсы алу (көгершін арқылы)

2. «Табан іздері арқылы сұраққа жауап беру»

3. «Білесіз, білмейсіз» әдісі арқылы

(Ата аналармен танысып, көңіл күйін көтеріп, жиналысты қызықты өткізу мақсатында ұйымдастыру)

4. Балабақшаның күн тәртібі, жылдық жоспары және келісім шартпен, алдағы өтетін іс-шаралар туралы, әдістемелік хат пен жас ерекшелігіне байланысты жалпы таныстыру.

5. «Микрофон әдісі» арқылы сұрақ-жауап беру. Ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша ситуациялық сұрақтар қою.

6. Сергіту сәті ( додокаедр арқылы)

7. Медбике кеңесі

8. Ата-аналардың тілегі

9. Қорытынды.

**Кіріспе сөз.**

*Құрметті ата-аналар сіздерді 2025-2026 жылдың жаңа оқу жылымен құттықтаймыз.*

Ата-аналарды шаттық жылулық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар? Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне сондықтанда бұл шеңберді жылулық шеңбері деп атаймыз. Осы шеңбер арқылы «Білесіз, білмейсіз» тренингі арқылы танысып алайық.

Мысалы: Менің есімім Нурлыбаева Маржан Балмухановна, сіздердің балаларыңыздың тәрбиешісі екенімді білесіздер. Ал менде сіздер сияқты анамын менің 4-балам бар екенін білмейсіздер!

4. Балабақшаның күн тәртібі, жылдық жоспары және келісім шартпен таныстыру және де баланың тазалығы, ас мәзірі, ата-аналар комитетін сайлау т.б

5. Сұрақ-жауаптар ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша микрофон беру арқылы ситуациялық сұрақтар қою.

6. Ойын тренингі: (Сергіту сәті) Ата-аналарды шеңберге тұрғызып, додокаедрді бір-біріне кезекпен береді додокаедрді алған ата-ана жазылған тапсырманы орындап беруі тиіс.

7. Балабақша медбикесі Г.Шакеновна ата-аналарға баяндама оқып алдағы уақытқа кеңестер берді.

8. Ата-аналардың бір-біріне тілегі

«Менің сіз сияқты керемет анаға тілейтінім!». ..... деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді.

**9. Қорытынды сөз:**

Ендеше ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оған үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін алғысымды айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!

## **№ 1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

2025 жылы 19 қыркүйекте ересек «Қуаныш» тобында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқаны-15

Қатыспағаны- 9

**Күн тәртібінде**

**Тақырыбы: «: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»**

1. Ата-аналарды жылы қарсы алу (көгершін арқылы)
2. «Табан іздері арқылы сұраққа жауап беру»
3. «Білесіз, білмейсіз» әдісі арқылы  
(Ата аналармен танысып, көңіл күйін көтеріп, жиналысты қызықты өткізу мақсатында ұйымдастыру)
4. Балабақшаның күн тәртібі, жылдық жоспары және келісім шартпен, алдағы өтетін іс-шаралар туралы, әдістемелік хат пен жас ерекшелігіне байланысты жалпы таныстыру.
5. (микрофон әдісі) арқылы сұрақ-жауап беру . Ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша ситуациялық сұрақтар қою
- 6.Сергіту сәті ( додокаедр арқылы)
7. Медбике кеңесі
8. Ата-аналардың тілегі
9. Қорытынды.

**Өту барысы:**

1. Тәрбиеші ата-аналарды « Көгершіндер, «табан іздері» арқылы, әдемі әуенмен қарсы алды. Ата-аналар өте жақсы көңіл күйде болды.
2. Содан кейін ата-аналармен жылулық шеңберіне тұрып, «Білесіз,білмейсіз» әдісін қолдану арқылы деп тәрбиешіден бастап, әр ата-ана өздерін таныстырып өтті.  
Тәрбиеші ата-аналарды орындықтарға отыруын сұрады.
3. Медбикеге сөз берілді. Қысқыша түрде бала денсаулығына мәліметтер айтылды.
4. Келісім шартпен, күн тәртібімен, әдістемелік нұсқаулықпен тәрбиеші ата-аналарды таныстырып өтті
5. Әр түрлі мәселелер талқыланды, ата-аналар комитеті, көмекшілері сайланды.
6. Тәрбиеші ата-аналармен ойын ретінде сергіту сәтін жасауға ортаға шақырып «Микрофон» әдісі арқылы сұрақ-жауап алыну арқылы тренинг өткізді. Ата-аналар жақсы көңіл күйде тренинге қатысты.
- 7) Сіздермен тағы бір ойын өткізсек «Додекадрды» шеңберге ата-аналар тұрып бір-біріне «додекадрды лақтырып ондағы берілген тапсырманы орындадауы керек болды. Қызықты да көңілді болды.
- 8) Қорытындылай келе тәрбиеші ата-аналардан жиналыстан алған әсерлерін, жылы лебіздерін «Сурет салайық» ойыны арқылы әр ата-ана өзінің жылы лебіздерін, алған әсерлерін сурет салу арқылы жазып қойды.  
Ата-аналар жақсы лебіздерін, алғыстарын айтты.  
Тәрбиеші де ата-аналарға өзінің алғысы ретінде арнап жасаған «Көгершіннен хат» открыткасын, тәтті шоколады мен берді.

**Ата-аналар коммитеттері туралы мәлімет**

Ата-аналар жиналысының төрайымы: Советова Мөлдір Аязбекқызы

Жұмыс орны: бала тәрбиесінде үйде

Телефон номері: 87786211864

Қолы: \_\_

Ата – ана жиналысының хатшысы: Аманғазы Асем Әділбекқызы

Жұмыс орны: бала тәрбиесінде үйде

Телефон номері: 87783002471

Қолы: \_\_\_\_\_